



С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

Тақырыбы: Қазіргі заманауи стоматология дамуындағы
дәлелді медицинаның рөлі.

Группа: 12-002-02

Курс: 6

Факультет: стоматология

Орындаған: Әмірбекова Назерке

Қабылған: Игисенова А.И.

ЖОСПАРЫ:

- Кіріспе
- Дәлелді медицина туралы жалпы түсінік
- Терапиялық стоматологиядағы дәлелді медицина
- Терапиялық стоматологиядағы дәлелді медицинаның бағыттары
- Қорытынды

Медициналық ғылым мен денсаулық сақтаудың қазіргі таңдағы жағдайы, зерттеу нәтижелерін анық, нақты ұсыныстарға түрлендіріп, дәрігерлермен медициналық көмекті ұйымдастырудың жалпы мәселелерін шешу үшін, ғылыми ақпараттарды жинау, талдау, бірегейлеу және түсіндірудің жаңа жолдарымен технологияларын қолдануды талап етеді.

Қазіргі кезде белгілі бір клиникалық мәселені шешу үшін, ғылыми ақпаратты жинау, талдау және бағалау концепциясы бар. Бұл концепция дәлелді медицина деп аталады.

• Дәлелді медицинаның бірнеше анықтамасы

- дәлелді медицина дегеніміз зерттеулер жүргізген кездегі, мамандар бақылауы мен пациенттердің хабарламасы нәтижесіндегі алынған сенімді клиникалық мәліметтерді жинау, интерпретациялау және интеграциялау;
 - дәлелді медицина дегеніміз оптимальды клиникалық шешім қабылдауға көмектесетін медициналық ақпаратты іздеу, талдау, жалпылау және қолдану
- дәлелді медицина – клиницистердің жүйелі сұрақтарды құрастыру жолымен, диагностика, ем, профилактика бойынша машықтарын жетілдіру.
- дәлелді медицина – диагностика мен терапияның критерияларын таңдауға субъективті факторлардың аз дәрежеде әсер ететіндігімен ерекшеленетін және дәрігерден әр түрлі эксперттер пікірі мен клиникалық зерттеулер нәтижелерін сын көзбен бағалауды талап ететін клиникалық медицинаның парадигмасы;
 - дәлелді медицина дегеніміз – медициналық әрекеттердің оптимальды варианттарын таңдаудың ақпараттық технологиясы;

Дәлелді медицинаның артықшылықтары

- дәлелді медицина медициналық білімді клиникалық тәжірибемен интегралдайды;
- дәлелді медицинаға әр түрлі саладағы мамандар мансаптың кез-келген сатысында қол жеткізе алады;
- дәлелді медицинаның өзінің жалпы жолдарымен басқаратын принциптеріне жүгіне отырып, медициналық көмектің үздіксіздігімен бірегейлігін жақсартуға мүмкіндігі зор.

Дәлелді медицинаның кемшіліктері

- шығындар уақытша ресурстарға байланысты, оны тәжірибеде қолдануды үйрену уақытты талап етеді.
- компьютерлік техника, оны бағдарламамен қамтамасыз ету, әлемдік ақпараттық ресурстарға қол жеткізу үшін шығатын шығындар. Бірақ бұл кемшілік дәлелді медицинаны қолдануға шектеу жасамауы тиіс. Керісінше оған шығатын шығындар тиімсіз медициналық көмек түріне жұмсалатын қаржы көлемін азайтуы мүмкін.
- дәлелді медицина бар куәліктердегі кемшіліктерді тауып көрсетеді. Ол дәрігерлердің мотивациясына әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан да жергілікті немесе ұлттық зерттеу проектiлерiн жүргiзу үшiн мұндай кемшiлiктердi анықтау өте маңызды болып табылады.
- ақпараттарды іздеумен байланысты мәселелер. Мысалы, ересек дәрігерлердің арасында компьютерлік сауаттылықтың төмендігі, электронды базаларда жақсы сілтемелердің жоқтығы.

Терапиялық стоматологиядағы дәлелденген медицина туралы түсінік

Дүниежүзілік әдебиеттер бойынша эндодонтиялық емнің табыстылығы 40%–95% арасында ауытқып тұрады. Сондықтан, стоматологиялық емнің нәтижесі жақсы болуы үшін адекватты, максимальды тиімді емдеу шарасын таңдау керек. Бұл тұрғыда дәлелді медицина саласы тиімді емді таңдауға көмектеседі.

Өткен ғасырдың 90 жылдарынан бастап стоматология және дәлелді медицина саласы тығыз байланыста болып келеді. Стоматологиядағы дәлелді медицинаның мақсаты -ғылыми дәлелдерге сүйене отырып, клиникалық мәселені шешу.

Терапиялық стоматология клиникасындағы дәлелденген медицина критерийлері

Ғылыми әдебиеттерде Strinberg(1956) ұсынған «емдеудің оң және теріс көрсеткіштер» критерийлері қолданылады. Бұл критерийлер бойынша емдеудің нәтижесін немесе сапасын рентгенограммалар көмегімен, субъективті және объективті клиникалық көрсеткіштерге сүйене отырып анықтайды. Strinberg(1956) ұсынысы бойынша емдеу нәтижелерін бағалау:

- Емнің оң нәтижесі
- Емнің теріс нәтижесі
- Емнің күмәнді нәтижесі

- ***Емнің оң нәтижесі*** - периапекальды өзгерулердің болмауы немесе өлшемдерінің 2 мм-ден аспайтын кішіреюі.
- ***Емнің теріс нәтижесі*** - периодонт тініндегі деструкция ошақтарының пайда болуы немесе өлшемдерінің үлкеюі.
- ***Емнің күмәнді нәтижесі*** - ошақта мүлдем өзгерістің болмауы.

Мұндай нәтижелерді бағалаудың ең жақсы тәсілі - КТ қолдану. КТ - ошақтың нақты өлшемдерін алуға мүмкіндік береді.

Стоматологиялық ауруларға клиникалық диагноз қойғанда, емдеуін жоспарлағанда дәлелденген медицина маңызы


- Ғылыми ақпаратының көбеюі
- Пациентті емдеудің жақсы тәсілдерінің іздеу қажеттілігі
- Стоматолог дәрігердің ем шарасының тиімділігін бағалай алу
- Емнің нәтижелерін дұрыс саралай алу

Дәлелдік медицинадағы негізгі принципі:

- Клиникалық зерттеулерде нақты мәліметтер алу және науқасқа тиімді шешімдерін қабылдауға көмектеседі.

Терапиялық стоматологиядағы дәлелді медицинаны ДДС ұйымы 4 негізгі қадам бойынша қарастырады:

Бірінші қадам – емдеу қорытындысына әсер ететін факторды анықтау. Бұл факторлар негізгі 4 элементті құрайды:



Екінші қадам - емдеу қорытындысына әсер ететін факторды анықтайтын немесе жоққа шығаратын мәліметтер жинау

Үшінші қадам – анықталған мәліметтерді клиникалық тұрғыда қолдануға ұсыныстар беру

Төртінші қадам – қолданылған модификациялық емдеудің қорытындысын бағалау

- Терапиялық стоматологиядағы негізгі дәлелді медицина концепциясын қолдана отырып, қазіргі замандағы эндодонтиялық емдеуге жақсы әсер ететін факторлары бағаланады. Ол үшін метанализді қолданады, яғни емдеу қорытындысына әсер ететін потенциалды факторларды салыстыру және бағалау. Метанализ бойынша тірі тіс ұлпасымен және некроздалған тіс ұлпалардың түбірлік каналдарды пломбалап эндодонтиялық емдеудің қорытындысы бағаланған болатын. Нәтижесінде тірі тіс ұлпасын пломбалық материалдармен түбір каналын жабу некроздалған тіс ұлпасымен салыстырғанда оң нәтиже берді.
- Нәтижесі бойынша түбір каналын рентгенологиялық мәлімет бойынша 2 мм түбір ұшынан пломбылаған жағдайда жақсы нәтиже беретіні анықталды, тірі және некроздалған тіс ұлпасында бірдей. Метанализ бойынша пломбалық материалдық рентгенологиялық мәліметке қарай осындай орналасуы тек тірі тіс ұлпасына ғана қолайлы нәтиже береді.
- Сонымен қатат түбірді пломбылау кезінде некроздалған тіс ұлпасы мен периапикалды өзгерістер болған жағдайда эндодонтиялық емдеу нәтижесіз болатыны анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Дәлелді медицинаның дамуы нәтижесінде көптеген медицина салаларына бірнеше өзгертулер енгізіледі. Дәлелді медицина орталықтарында мамандары жүргізген зерттеулер нәтижесінде бірнеше препараттар тиімділігі дәлелденіп келеді. Осыған қарап қазіргі заманда дәлелді медицина орталықтары мен мамандары ауадай қажет және оларсыз ғылымның алға дамуы қиындайды